

**«Мәдениеттерді жақындастыру орталығы» мемлекеттік музейі» РМҚК**  
**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын**  
**сақтау мәселелері бойынша оқыту іс-шарасының**

**№ 4 ХАТТАМАСЫ**

**Алматы қ.**

**04. 03. 2025 жыл**

**Күн тәртібінде:**

- 1) Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу және оған қарсы іс-қимыл» туралы заңнамасының негізгі талаптары
- 2) «Мәдениеттерді жақындастыру орталығы» мемлекеттік музейі» РМҚК-дағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функциясы туралы ақпарат

**Сөйлегендер:**

**Директордың жалпы және ұйымдастыру сұрақтары жөніндегі орынбасары, комплаенс-офицердің міндетін атқарушы С.Ә. Әшімова** - әріптестер, бүгін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелері туралы және оқыту іс-шаралары таныстырып өтейін. Сонымен қатар 2025 жылға ішкі талдаулар жүргізу бойынша ақпараттар беремін.

Жемқорлық - мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі күннің күрделі мәселесі болып отыр. Оған осы бастан тоқтау қоймаса мемлекетте тұрақты өсіп-өркендеу болмайды. Сыбайлас жемқорлықпен түбегейлі күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор.

**Ғылыми хатшы - Байпакова Л.К.** - «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылып келеді. Соның ішінде, халық паракорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан кез-келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз керек.

**Директордың жалпы және ұйымдастыру сұрақтары жөніндегі орынбасары, комплаенс-офицердің міндетін атқарушы С.Ә. Әшімова** – Сонымен қатар осы өткен отырыс ұйымның ресми сайтындағы <https://www.icrc.kz/site/anticor> бөлімде орналастырылады.

**Директордың ғылым және сыртқы байланыстар жөніндегі орынбасары И.Крупко** - Сыбайлас жемқорлықтың өзі қоғамның ақауы болып табылады. Қоғамға, қоғамға, өскелең ұрпаққа сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың теріс салдарын түсіну маңызды.

Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастыру дамыған елдердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясының маңызды элементтерінің бірі болып саналады.

Кейбір ғалымдардың жүргізген әлеуметтік зерттеулерінің негізінде 31 проблеманың ішінде бірінші орында – инфляция, ал екінші орында – сыбайлас жемқорлық екені анықталды.

Қоғамның сыбайлас жемқорлық қылмыстарға және құқық бұзушылыққа немқұрайлылығы сыбайлас жемқорлықтың өзі сияқты зұлымдық болып табылады. Азаматтардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті, сыбайлас жемқорлыққа тұрақты иммунитеті болмаса, қалаулы нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес. Біздің қоғамның әрбір толыққанды және дені сау мүшесі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – бүкіл қоғамның, әрбір азаматтың ісі екенін түсінуге тиіс.

**Шешім қабылданды:** Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының негізгі талаптары ұйымда барлық қызметкерлер орындауға жауапты. Барлық қызметкерлер Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының негізгі талаптарымен таныстырылды. «Мәдениеттерді жақындастыру орталығы» мемлекеттік музейі» РМҚК-дағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функциясы туралы ақпарат берілді.

**Қатысқандар: Барлығы – 23 адам (Тізім қосымшада)**

**«Мәдениеттерді жақындастыру орталығы» мемлекеттік музейі» РМҚК**

**қатысқандар тізімі**

<b>№</b>	<b>Аты жөні</b>	<b>Лауазымы</b>	<b>Қолы</b>
1	Әшімова С.Ә.	Директордың жалпы және ұйымдастыру сұрақтары жөніндегі орынбасары, комплаенс-офицер міндетін атқарушы	
2	Толмачев В.Г.	Ғылым бөлімінің жетекшісі	
3	Ерекешева Л.Г.	Жетекші ғылыми қызметкер	
4	Лукянец И.	Кіші ғылыми қызметкер	
5	Нұртазина К.К.	Бас бухгалтер	
6	Уалиев Н.Ғ.	Бас экономист	
7	Ауэзов Е.К.	Бас ғылыми қызметкер	
8	Капалбеков Н	Бас ғылыми қызметкер	
9	Хафизова К.Ш.	Бас ғылыми қызметкер	
10	Новоженов В.А.	Жетекші ғылыми қызметкер	
11	Куантайұлы Н.	Аға ғылыми қызметкер	
12	Есполова Э.М.	Аға ғылыми қызметкер	
13	Омиралиева С.К.	Аға ғылыми қызметкер	
14	Крупко И.В.	Директордың орынбасары	
15	Байпакова Л.К.	Ғылыми хатшы	
16	Савельева Т.В.	Жетекші ғылыми қызметкер	
17	Исаева Н.С.	Жетекші ғылыми қызметкер	
18	Есильбаев Т.К.	Жетекші ғылыми қызметкер	
19	Пьянкин С.Г.	Инженер	
20	Сатыбалдиева Г. Ж.	Аға ғылыми қызметкер	
21	Мусабеков Н.	Аула сыпырушы	
22	Шопшекбаева А. Ж.	Еден жуушы	
23	Бейбитова Р.	Еден жуушы	